

Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 5 мамыр N 674. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.27. N 889 қаулысымен (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Кіріспеден сөздер алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етудің ережесі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін науқастар түрлерінің және амбулаториялық емдеу кезінде дәрі-дәрмек пен балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлік тегін босатылатын халықтың жекелеген санаттарының тізбесін толықтыру құқығы берілсін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.10.18. N 1555 қаулысымен , 2004.04.21. N 443 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай кейбір шешімдерінің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н :

1) СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің "Чернобыль атом электр станциясындағы аварияның зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарға қатысқан адамдарға медициналық қызмет көрсетуді және әлеуметтік қамсыздандыруды жақсарту шаралары туралы" 1990 жылғы 31 наурыздағы N 325 қаулысын жүзеге асыру туралы Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ Республикалық Кәсіптік Одақтар Советінің 1990 жылғы 17 мамырдағы N 197 қаулысы (Қаз.КСР-інің ҚЖ, 1990 ж., N 4, 82 - қ ұ ж а т) .

2) "Дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдардың барлық түрлерінің бөлшек сауда бағаларын ырықтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 қарашадағы N 939 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 44, 645-құжат).

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 527 қаулысымен бекітілген "Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру

мен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, орталық, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да заңды тұлғаларға оларға байланысты шығындарды өтеудің тәртібінің" 8-бөлімі (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 18, 155 - қ ұ ж а т) .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 5 мамырдағы
N 674 қаулысымен
бекітілген

**Тұрғындардың жекелеген санаттарын
науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен
және балаларға арналған және шипалы тағамдық
арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етудің**

ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Мәтіндегі "Денсаулық сақтаудың аумақтық органдары", "аумақтық қаржы органдарымен", "аумақтық қаржы органдарына", "денсаулық сақтаудың аумақтық органдарымен" және "денсаулық сақтаудың аумақтық органдарына" деген сөздер тиісінше "Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары", "жергілікті атқарушы органдармен", "жергілікті атқарушы органдарға", "денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен" және "денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443 қаулысымен .

1. Осы ереже тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен (бұдан әрі - дәрі-дәрмек және арнаулы тағам) қамтамасыз етудің тәртібін белгілейді. < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443 қаулысымен .

2. Дәрі-дәрмекпен және арнаулы азық-түлікпен тегін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен азаматтарға , олардың тұрғылықты жері бойынша дәрілік көмектің қол жетімділігін қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, дәрі-дәрмек пен балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікті бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғаларды (бұдан әрі - беруші) таңдау жүзеге асырылады . < * >

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443

қ а у л ы с ы м е н

3. Дәрі-дәрмек пен арнаулы азық-түлікті тегін босатуды амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары (бұдан әрі - медициналық ұйымдар) дәрігерлерінің рецептері бойынша берушілер жүзеге асырады . < * >

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443

қ а у л ы с ы м е н

4. Жабдықтаушылар арнаулы тіркеу журналында 3-қосымшаға сәйкес тұрғындардың жекелеген санаттарына дәрі-дәрмектер мен арнаулы тағамды беру рецепттерінің есебін жүргізеді. Дәрі-дәрмектер мен арнаулы тағамды босатумен байланысты шығыстар жабдықтаушыға мемлекеттік сатып алулар туралы шартпен белгіленген баға бойынша өтеледі.

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443

қ а у л ы с ы м е н

6. Рецепт бланкалары Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау саласына басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы органның бұйрығымен бекітілген нысан бойынша, рецепттер бланкілерін есепке алудың арнаулы кітабында (бұдан әрі - есеп кітабы) тіркеледі. Есепке алу кітабын медициналық ұйымның жауапты адамы жүргізеді. Берілген рецепт бланкілерін есепке алу кітабының беттері нөмірленуі, баулануы, қағаз пломбамен бекітілуі, мөрмен расталуы және медициналық ұйымның бірінші басшысының немесе жеке медициналық тәжірибемен шұғылданатын адамның қ о л ы қ о й ы л у ы т и і с .

7. Тұрғындардың жекелеген санаттарына дәрі-дәрмектер мен арнаулы тағамды босатуға берілетін рецепт, Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау саласына басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы органның бұйрығымен бекітілген нысандағы бланкіде, бір данада ж а з ы л а д ы .

Онда дәрі-дәрмектің немесе арнаулы тағамның бір атауын ғана жазуға рұқсат е т і л е д і .

Науқастың жағдайына қарай дәрігер дәрі-дәрмектің бір немесе бірнеше түрін ж а з а д ы .

Рецепт бланкісінде денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен өткізілген конкурстың қорытындылары бойынша дәрі-дәрмектер мен арнаулы тағамды жеткізу және босату шартын жасасқан жабдықтаушының мекен жайы қосымша көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443

қ а у л ы с ы м е н

8. Дәрігер жазылған рецептін амбулаториялық науқастың медициналық картасына және жазылған рецепттерді тіркеу журналына тіркеуі тиіс. Берілген рецепттің түбіртегі медициналық ұйымда немесе жеке медициналық тәжірибемен шұғылданатын адамда қалады.

Жазылған рецепттерді тіркеу журналын журналды жүргізуге жауапты адам жүргізеді, оның беттері нөмірленуі, баулануы, қағаз пломбамен бекітілуі, мөрмен расталуы және медициналық ұйымның бірінші басшысының немесе жеке медициналық тәжірибемен шұғылданатын адамның қолы қойылуы тиіс.

9. Рецепттердің қолданылу мерзімі, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы органымен бекітілген дәрі-дәрмектер мен медициналық бағыттағы бұйымдарды сату ережелерімен белгіленеді. Жабдықтаушыда рецептте көрсетілген дәрі-дәрмек немесе арнаулы тағам болмағанда, рецепттің қолданылу мерзімі біткен соң, науқас бұрын жазылған рецептті қайтарады және қажет болған жағдайда емдеуші дәрігердің тағайындауы бойынша, осы дәрі-дәрмектер мен арнаулы тағамға жаңа рецепт алады.

Жазылған рецепттерді есепке алу журналының тиісті бағанында, науқастың рецептті қайтарғандығы туралы, қайтарылу себебі көрсетіліп, белгі соғылады. Қайтарылған рецепттер тігіледі және берілген рецепттердің есебі үшін жауапты адамда сақталады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443 қаулысымен.

10. Дәрігер дәрі-дәрмектер мен арнаулы тағамды тегін босатуға жазып берген рецепттің негізділігі мен дұрыстығына жауапты болады.

11. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары дәрі-дәрмектер мен арнаулы тағамға рецепттер берудің белгіленген тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

12. Жабдықтаушылармен шартта көрсетілген мерзімде, дәрі-дәрмектер мен арнаулы тағамды босатуға қабылданған рецепттердің жиынтық тізілімі осы ереженің 4-қосымшасына сәйкес 2 данада жасалады, олардың біреуі жабдықтаушыда қалады да, екіншісі денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына ұсынылады.

13. Дәрі-дәрмекпен және арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік қаражаттарды пайдалану туралы есепті денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығымен бекітілген нысан бойынша жергілікті атқарушы органдарға ұсынады. Көрсетілген есепке тегін босатылған дәрі-дәрмектер мен арнаулы тағам бойынша рецепттердің жиынтық тізілімі беріледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443

қаулысымен .

Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етудің ережесіне 1-қосымша

Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етудің ережесіне 2-қосымша

Ескерту. 1,2-қосымшалар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.04.21. N 443

қаулысымен .

-----Тұрғындардың жекелеген

санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етудің ережесіне 3-қосымша

Дәрі-дәрмекті және балалардың арнаулы және шипалы тағамын тегін босату бойынша рецептерді тіркеу журналы

Айы, !Рецепт.!Дәрінің! Науқас!Рецепті жаз.!Науқас. ! қолдары күні !тің N ! құны ! түрі !ған медици. !тың тегі,!-----
! ! ! !налық ұйым. !аты-жөні !Алған !Босатқан
! ! ! !ның атауы !мен ме. !адам. !адамның
! !кен-жайы !ның !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері

бойынша дәрі-дәрмекпен және
балаларға арналған және шипалы тағамдық
арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз етудің
ережесіне 4-қосымша

**Тегін босатылған дәрі-дәрмек және балалардың
арнаулы және шипалы тағамы бойынша рецептердің
жиынтық тізілімі
(жабдықтаушы бойынша _____)**

Қай мерзімге !Рецептердің !Босатылған дәрі-!Рецепті жазған медицина
___ден___дейін!NN !дәрмектердің !ұйымының атауы
! ! ж а л п ы к ұ н ы !

1 ! 2 ! 3 ! 4

М . О . Қ ұ р а с т ы р у ш ы :
Басқарушы: 2000 ж. " ____ " _____